

Білім күні ұлтты болсын!



SYR TÚLEGI

stýdent jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№3 (424)
2 қыркүйек, 2020 жыл

Jas muraty, bilim, tálim – talaby.
Óner, oqý – jastyqtnyń karý-jaraǵy.
I.Jansúgirov

БІЛІМ КҮНІНДЕГІ МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне және 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты онлайн шара болып өтті. Мерекелік шараға облыстық мәслихат хатшысы Қ.Бисенов, облыс университет ректораты мен ұжымы және өнерпаз жастар, БАҚ өкілдері қатысты. Салтанатты кешті университет білім алушылары мен ата-аналары және оқытушы-профессорлар, университеттің ресми Facebook және Instagram желілерінің тікелей эфирінен тамашалады. Әсіресе, әлеуметтік желілерде биылғы 1 курс студенттері белсенділік танытты. Университет ректоры Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызы Ата заңымыздың атаулы мерекесін тойлаудың маңыздылығын ескере отырып, барша қатысушыларды ҚР Конституциясының 25 жылдығымен және Білім күнімен құттықтады. Сонымен бірге университет басшысы білім ордасының бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері мен алға қойған айқын мақсаттары жайында баяндады. Ректор өз сөзінде ең қуантарлық жәйт биыл университет табалдырығынан аттаған білім алушылар саны алдыңғы жылдардағыдан едәуір артқандығын айта келе, «Бұл жастарымыздың Сыр өңіріндегі киелі қара шаңырағы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетіне артқан сенімі, сол сенімді ақтау жолында университет тарапы еш аянып қалмайды», - деді. Мерекелік кеш барысында ұзақ жылдар



бойы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін жемісті басқарып, еліміздің дамуына қажетті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлау ісіне өлшеусіз үлес қосқан, қазіргі Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі - Бисенов Қылышбай Алдабергенұлы биылғы университеттің қол жеткізген жетістіктеріне шын жүреппен қуанатындығын, әрқашан осы білім ордасының тілекшісі болып жүретінін айтып, білім алушылар мен ұстаздар қауымына жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Сонымен бірге, университеттің білім беру саласында сіңірген еңбегі үшін оқытушы-профессорлар мен ардагер ұстаздар ҚР Білім

және ғылым министрлігінің төсбелгілерімен, «Құрмет грамотасымен» және «Алғыс хатымен» марапатталып, облыс әкімі мен университет ректорының арнайы марапаттарын иеленді. Университет қабырғасында жылдар бойы еңбек етіп, ардагер атанған ұстаздар ешқашан университет назарынан тыс қалған емес. Бүгін де өздерінің алқалы мерейтойларын өткізген бірқатар профессор-оқытушыларымыз бен ардагер ұстаздарымызға өздерінің ұзақ жылдар еңбек еткен туған ұжымдарының атынан қазақтың дәстүріне сәйкес шапан жауып, арнайы сыйлықтар табысталды. Әрі қарай университет өнерпаздары өздерінің білім ордасына, ұстаздарына деген арнауларын айтып, шара концерттік бағдарламаға ұласты.

А.Т.ЖҮНИСОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.к., профессор:

«БІЛІМ АЛУШЫЛАР
МЕН ОҚЫТУШЫЛАР
ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН
ЖЕТІК МЕНГЕРДІ
ДЕП АЙТА АЛАМЫЗ»

Жалғасы 3-бетте



БАСТЫ ҰСТАНЫМ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев күні кеше, яғни, бірінші қыркүйекте Қазақстан халқына арналған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында еліміз экономикасы курсының жаңа 7 қағидатын жариялады. Оның 5-ші қағидаты адам капиталын дамыту, жаңа типтегі білімге инвестициялар деп аталды. Расында, адами капиталды дамытуда оның басты таған-тірегі – білім саласының рөлі қашанда ерекше. Аталған стратегиялық салаға инвестиция салудың қоғамның әл-ауқатына ықпал ететіні талассыз. Жолдауда адами капиталды дамыту бойынша үлкен жұмыстардың экономикалық көзжиегі айқындалды. Еліміздің білім беру жүйесіндегі жүзеге асырылып жатқан тың реформалар мен жаңа бастамалар жоғары оқу орындарының алдына үлкен міндет жүктеуде.

Жалғасы 2-бетте

МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ ТАБЫСТАЛДЫ



2020 жылдың 28 тамыз күні «Қазақстан Республикасының Конституциясы: бірлік, тұрақтылық және өркендеу» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Салтанатты шараны университет ректоры Кәрімова Бейбіткүл Сәрсемханқызы ашып, барша конференцияға қатысушыларды мерекемен құттықтады. Сонымен бірге, кемел келешегіміздің басты кепілі - Ата Заңымыздың 25 жылдығын атап өту маңыздылығын айтты. Конференция жұмысына мемлекеттік және қоғамдық ұйым өкілдері, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессор-оқытушылары мен білім алушылары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Жиын барысында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Философия және мәдениеттану» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к. Оңғар Бермаханұлы Бермаханов «Конституция – азаматтық қоғам мен мемлекеттің құқықтық негізі» тақырыбында және «Құқықтану» кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м., Жадыра Сламханқызы Шукенова «Конституция – ұлттық бірлік кепілі» тақырыбында баяндама жасап, бүгінгі Қазақстан Конституциясын, біздің сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз мемлекет құру жолындағы армандарымыздың жүзеге асқанының нақты көрінісі екендігін айшықтады. Сонымен бірге, облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының басшысы, т.ғ.к., Уәлихан Серікұлы Ибраев «Ұлттық өркендеудің Конституциясы» тақырыбында баяндама жасап, еліміздегі қабылданған ата заңымыздың ұлттық үлгідегі мүддесін айтып өтті. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясы Қызылорда облысы бойынша филиалының профессоры, з.ғ.к., Ақзада Алайдарқызы Мадалиева «Ата Заң-Қазақстан Республикасы тұрақтылығының негізі» тақырыбында баяндама жасады. Конференция барысында оқытушылар мен білім алушыларға ҚР Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хаты» табысталды. Университет басшысы Бейбіткүл Сәрсемханқызы барша марапат иелерін құттықтай отырып, ректордың «Құрмет грамотасы» мен «Алғыс хатымен» марапаттады.

Басы 1-бетте

БАСТЫ ҰСТАНЫМ – САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Отандық білім жүйесінің басты мақсаттарының бірі – жоғары және жоғары білімнен кейінгі кәсіби білікті мамандар даярлауды халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестендіру. Сондықтан, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті осы мақсатқа сай білім беру мазмұнын жаңарту, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу арқылы еңбек нарығының бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысын қанағаттандыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алға қойған басым бағытына сай және аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы негізінде университеттің 2021-2025 жылдарға арналған даму стратегиясы әзірленді. Бүгінде аталған стратегиядағы басым бағыттарды жүзеге асыру мақсатында бірқатар ауқымды жұмыстарды атқарып келеміз.

Ең алдымен білім беру бағдарламалары қоғам сұранысы мен жұмыс берушілердің талабына және кәсіби стандарттарға сай толық жаңартылып, бакалавриаттың – 80, магистратураның – 35, докторантураның 13 бағдарламасы Реестрге толық енгізілді. Биылғы оқу жылында жаңадан магистратураның «Музыкалық білім», «Есеп және аудит», «Орыс тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламалары ашылып, докторантураның «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасына талапкерлер оқуға қабылданды. Бұл – аймақтың сұранысын қанағаттандыру мақсатында қолға алынған жұмыстардың бірі.

Жоғары білім беруді интернационалдандыру бағытында да бірқатар жұмыстарды қолға алдық. Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен ынтымақтастық байланыс ауқымын кеңейту – университеттің алдында тұрған межелі міндет. Өріптестік аясын кеңейту, білім алушыларымыздың академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламаларын жүзеге асыруға жол ашады. Бүгінде біздің студенттеріміз Америка Құрама Штаттарының, Польшаның, Австрияның, Түркияның, Корея Республикасының, Ресей Федерациясының жоғары оқу орындарында білім алуда. Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру нәтижесінде студенттеріміз алдағы уақытта Болгария, Венгрия, Германия, Португалия, Испания, Сауд Арабиясы, Ұлыбритания және Канаданың жетекші жоғары оқу орындарында «Бірлескен білім беру бағдарламасы» аясында білімін шыңдай алады.

Бүгінгі заман талабына сай мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында университетте 19 білім беру бағдарламасы көптілді білім беру (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) негізінде жүзеге асырылуда.

Жаңа оқу жылында бакалавриаттың «Информатика» және «Химия» білім беру бағдарламалары ағылшын тілінде жүргізілетін болады. Университет ұжымының алдында тұрған маңызды міндет – алдағы 3 жылдың ішінде аймақтың сұранысына сай 3 білім беру бағдарламасын ағылшын тілінде дайындау және жаңа инновациялық 9 білім бағдарламасын реестрге енгізу, сонымен бірге, Ресей, Қытай, Польша мемлекеттерінің және отандық жоғары оқу орындарымен бірлескен 5 білім беру бағдарламасын, 3 қос дипломды бағдарламаны жүзеге асыру жоспарланған.

Аталған жұмыстарды сапалы жүзеге асыру, оқытушы-профессорлардың біліктілігін арттыру, мәртебесін көтеру, материалдық жағдайын жоғарылату бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Өткен оқу жылында университеттің арнаулы қаржысы есебінен оқытушы-профессорлардың еңбекақысын 30 пайызға дейін арттырдық. Атап айтқанда, оқытушылардың еңбекақысы орташа алғанда 35-40 мың теңгеге көбейді. 2020-2021 оқу жылында оқытушы-профессорлар мен қызметкерлердің еңбекақысын төлеудің жаңа жүйесі енгізіліп, осыған сәйкес қызметкерлердің еңбекақысы тағы да артатын болады. Сонымен бірге, ОПҚ қызметін бағалаудың рейтингі және КРІ көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарлы оқытушыларға арнайы үстемеақы тағайындалады.

Жаңа оқу жылындағы ақжолтай жаңалықтың бірі – «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Корея бұрышы» жобасы аясында арнайы дөрісхана ашылуы. Екіжақты келіссөз арқылы жүзеге асырылған жобаның тұсаукесері қазан айында өткізілмек.

Жоғары оқу орындарының ең басты көрсеткіштерінің бірі – түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі. Осы ретте, университеттің биылғы көрсеткіші өткен жылғы көрсеткіштен 10 пайызға (87,4%) жоғарылап отыр. Тек сапалы білім беріп қана қоймай, жастарға келелі жол көрсетіп, олардың жаңа өмірге бейімделіп кетуіне ықпал ету, сол арқылы түлектердің еңбек нарығында әрдайым сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету – біздің парызымыз.

Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жандандыру мақсатында «Рекрутинг» орталығын құрдық. Негізгі сыныптардан бастап кәсіби бағдар беруге және ғылыми-инновациялық жұмысқа (олимпиадалар, конкурстар, қызығушылық клубтары, робототехника, мехатроника, логистика, киберспорт, т.б.) тартуға бағытталған «Kids university» тұжырымдамасы қабылданды. Шетел азаматтарын университетке оқуға шақыру мақсатында шетелдерде арнайы өкілдіктер ашу бойынша келіссөздер жүргізілуде.

Университет беделін арттыру мен білім беру сапасын жетілдіру мақсатында атқарылған ауқымды

жұмыстардың нәтижесінде студенттер саны да жылдан-жылға артып келеді.

2020-2021 оқу жылына бакалавриатқа 2241 білім алушы, оның 519-ы мемлекеттік білім гранты негізінде, 107-сі облыс әкімінің білім гранты бойынша оқуға қабылданды. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, бұл көрсеткіш былтырғыдан 37 пайызға артып отыр.

Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтетін пәндер бойынша университет базасында облыстық олимпиада ұйымдастырылып, жеңімпаздары ректордың білім грантын иеленді. Сонымен бірге, мүмкіндігі төмен 198 студенттің оқу ақысына түрлі санаттар бойынша жеңілдік берілсе, кәсіпорындардың демеушілігімен 31 студенттің 1 жылдық оқу ақысы төленіп отыр.

Биылғы оқу жылының қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастырылуына байланысты дайындық жұмыстарына ерекше назар аударылды. Барлық профессор-оқытушылар құрамына арнайы вебинарлар өткізіліп, өзара тәжірибе алмасты. Оқытушы-профессорлар видеодерістерін талапқа сай жабдықталған арнайы студияларда жазды. Сонымен қатар, кейбір мамандықтардың зертханалық, практикалық сабақтарын офлайн режимде ұйымдастыру көзделуде.

Жалпы 2020-2021 оқу жылының күзгі оқу семестрінде 771 пәнді оқыту жоспарланған. Оның ішінде 727 пән қашықтан оқытылса, 44 пән аралас форматта өтпек. Аралас форматты, әсіресе шығармашылық, әскери, спорт саласындағы мамандықтар көбірек қажет етеді.

Жаппай қашықтан оқыту басталғанда интернеттен шектеу туындамауы үшін оқу ғимараттарында жылдам интернет пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды. Шалғай ауылдарда тұратын, интернетке мүмкіндігі жоқ студенттер үшін университеттің студенттер үйінен ашылған арнайы компьютер кластары қажетті құрылғылармен қамтамасыз етілді.

Бүгінгі студент – ең алдымен еліміздегі түрлі кәсіпорындар мен бизнес құрылымдарының, мектептер мен оқу орындарының, бір сөзбен айтқанда, экономиканың түрлі салаларының болашақтағы кәсіби білікті мамандары. Сондықтан да университет өз білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда болашақ жұмыс берушілердің ой-пікірлері мен ұсыныс-тілектерін барынша ескеруде.

Университетімізді таңдаған жас ұрпақ – ертеңгі білікті маман. Бұл тұрғыда, ғылым мен тәжірибенің жетістіктеріне негізделген білімге сусындап, қажетті кәсіби икемділіктерді меңгерген білікті маман даярлау әрі креативті шешімдер қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру ісі басты міндетіміз болып қала бермек.

Университетте ғылыми ізденістерді дамытуға барлық мүмкіндіктер жасалған. Атап айтқанда, шетелдік және отандық жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтарымен бірлескен

зерттеулер жүргізу әрі олардың ғылыми зертханаларын пайдалану, «білім-ғылым-өндіріс» моделін жүзеге асыру, жастардың бизнес-идеялары мен start-up жобаларына қолдау көрсету, халықаралық рецензияланатын беделді ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар санын көбейту, зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру, т.б. жұмыстар тың қарқын алуда. Университет жанындағы 7 бағыт бойынша ашылған диссертациялық кеңестердің, 6 ғылыми орталықтың қызметтері де нәтижеге бағытталған.

ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының ғылымды қаржыландыру көлемін ІЖӨ-нің 1 пайызына жеткізуді басты меже етіп қойғаны, сөз жоқ, отандық ғылымды дамытудағы тарихи бетбұрыс. Біздің ғалымдарымыз 2020-2021 және 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына 29 жоба ұсынды. 2021-2023 жылдарға жарияланған ғылыми жобалар конкурсына қатысу үшін бүгінгі өзінде отызға жуық іргелі және қолданбалы ғылыми жоба дауысдалды.

Жас ғалымдарды қолдау, ғылыми-инновациялық идеяларын жүзеге асыру мақсатында университеттің арнаулы қаржы есебінен арнайы гранттар бөлінетін болады.

Бүгінде аймақтың іргелі білім ордасы аз уақыт ішінде осындай толайым жетістіктерге қол жеткізді. Алға қойған негізгі басым бағыттар қатарында атқарылар ауқымды шаруа көп.

Біріншіден, білім беру қызметін интернационалдандыру стратегиясын жүзеге асыру;

Екіншіден, жоғары оқу орындарының өлемдік QS рейтингісіне ену болып отыр;

Үшіншіден, аймақ экономикасы үшін маңызды ғылыми-техникалық жобаларды жасау және орындау;

Төртіншіден, университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту;

Бесіншіден, студенттік креативті идеялар мен әлеуметтік бастамаларды қолдау біздің негізгі қызметіміз болып қала береді.

Шығыс ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын, Білім – жарық, нұрын саған шашатын» деген сөзінің астары терең, айтар ойы ауқымды, қашанда, қай заманда болмасын өзінің мән-мағынасын жоғалтпайтын аталы сөз. Ғасырлар бойы сан буын ұрпақты адамгершілік пен білімпаздыққа тәрбиелеп келе жатқан осы сөздің бүгінгі күні де өзектілігі жоғары. Университет ұжымы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда бабалардан қалған осы ұлағатты сөзді басшылыққа алып, уақытпен санаспай еңбек ете береді.

Бейбіткүл КӘРІМОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің ректоры, ф.ғ.к.

Тақырыптық сұхбат

А.Т.ЖҮНИСОВ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, т.ғ.к., профессор:

«БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ОҚЫТУШЫЛАР ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖЕТІК МЕНҒЕРДІ ДЕП АЙТА АЛАМЫЗ»

– Абайбек Талғатұлы, оқу процесі бойынша жаңа оқу жылына дайындық қалай жүріп жатыр? Оқытушылар сабақтарды қандай міндетті онлайн платформада жүргізеді және олардың тиімділігі қандай?

– Университетте жаңа оқу жылына дайындық барысы 2020 жылдың 10 тамызында бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2020-2021 оқу жылына дайындығын ұйымдастырудың Жол картасына» сәйкес жүргізілуде. Оқу орнында қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы оқу процесін ұйымдастырып, өткізу мақсатында университетте бірыңғай Платонус ақпараттық жүйесі қолданылады. Платонусқа жүйесіне кіру үшін университеттің оқытушылары мен білім алушыларына тіркеуші-офис ұсынған логиндермен және құпиясөздермен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге, университеттің оқытушы-профессор құрамы қашықтықтан білім беру барысында Google Classroom, ZOOM, Webex секілді өзге де платформаларды қолдануына болады.

Мәселен, жаңа оқу жылы қарсаңында 3-4 тамыз күндері «Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру технологиялары және цифрлық білім беру құралдары», 17-19 тамыз аралығында профессор-оқытушылар құрамына «Білім берудің цифрлық трансформациясы: теория, практика, тәжірибе» атты университетшілік вебинарлар өтті. Осы вебинарлар барысында профессор-оқытушылар қашықтықтан оқыту технологиясын қолданудың жаңа мүмкіндіктерімен танысты.

– Шығармашылық мамандықтарда онлайн білім берудің ерекшелігіне тоқталсаңыз.

– Шығармашылық мамандықтар онлайн жүйесінде тарихи-теориялық жалпы музыка-педагогикалық, психологиялық әдістемелік бағытта оқытылатын пәнді кез келген платформада өткізуге болады. Негізгі мәселе орындаушылық бағыттар. Аспапта орындау, вокал, хор және тағы да басқа жеке өтілетін сабақтарды оқытушы онлайн көрсетілімдері арқылы шығармалардың техникалық

көркемдік орындауларын бақылай және бағалай алады. Музыкалық аспаптар бойынша аспапқа отыру қалпы мен қол қойылымын күнделікті қадағалап отырып, кері байланыс жасау қажет. Оқытушының орындап көрсеткен шығармасын студент естиді, көреді, орындайды. Білім алушыға өзіндік жұмыс жасауына өте үлкен әсерін тигізеді.

– **Онлайн сабақ жүргізу қай уақытқа дейін созылады және бұл білім берудің сапасына қаншалықты әсер етеді?**

– Сабақтың онлайн түрде жүргізілуі қай уақытқа дейін созылатындығы әзірге белгісіз. 2020-2021 оқу жылының алғашқы академиялық кезеңін толық онлайн түрде жүргізуге университет бойынша дайындық жұмыстары жүргізілді. Әрине, білім алушы мен оқытушының аудиторияда көзбе-көз отырып білім алғанға ештеңе жетпейді. Бірақ қазіргі таңда білім алушылар да, профессор-оқытушыларымыз да қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып оқу үдерісін жүргізуді жеткілікті деңгейде меңгеріп алды деп айта аламыз. Видеобайланыс жасау бағдарламаларын меңгеріп, экраннан видео жазуға арналған бағдарламалар Camtasia Studio және Movavi Video Editor видеоредакторларды қолданып, оқу үдерісін ұйымдастырудың онлайн құралдары (Kahoot, Power Point) арқылы сабақтарын жүргізеді. Білім сапасына келетін болсақ, қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану арқылы білім алу барысында білім алушыларымыз жаңа технологияны, әдістерді меңгерді деп айта аламыз.

– **Қазіргі уақытта білім берудің онлайн форматы жастардың және оқытушылардың жаңа заманауи технологияларды еркін қолдануына жол ашты. Видеосабақ түсіру жөнінде жағмырдай дайындығы қалай жүріп жатыр?**

– 2020-2021 оқу жылына дайындық барысында университеттің профессор-оқытушылары оқу жүктемелеріне сәйкес бакалавриат, магистратура, докторантурада білім алушыларына арналған контенттерді (ОӘК, силлабустар, бейнелекциялар, ауди-

обейне жазбалар) Платонус платформасына жүктеуде. Сапалы видеодерістермен қамтамасыз ету мақсатында кафедралардың профессор-оқытушылары дәрістерін жоғары сапалы видеотехникамен жабдықталған арнайы студияда жазуда. Қазіргі таңда 470 видеодеріс жазылды. Видеодерістер монтажданып, 20 тамыздан бастап Қорқыт Ата Қызылорда университетінің YouTube каналына орналастырылуда.

– **Университет тарапынан білім алушылардың онлайн сабақтарға еш кедергісіз қатысуы үшін қандай жұмыстар қолға алынуда?**

– Университетіміздің барлық оқу ғимараттарында интернет желісі жұмыс жасайды және жалпы алғанда интернет жылдамдығы 200 Мб/секундтен 500 Мб/секунд жылдамдығына көтерілді. Жаңадан VMware виртуалды сервері құрылып, осы сервер арқылы ақпараттық қауіпсіздік күшейтілді. Бұл сервер университеттің ақпараттар базасын жинақтау (архивтеу) яғни, «басқир» қызметін атқарады және де университет сайты жаңа серверге көшіріліп, өңделу жұмыстары жүргізілуде.

– **Дәстүрлі білім беруде сабақ беру ұзақтығы – 50 минут. Ал синхронды оқытуда бұл тәртіп сақтала ма? Мәселен, оқытушылар мен студенттердің күніне 5-6 сағат компьютер алдында отыруына тура келеді.**

– Сабақ беру ұзақтығы дәстүрлі білім берудегідей қашықтықтан оқытуда 50 минут сақталады. Оқытушылар мен студенттердің күніне 5-6 сағат компьютер алдында отыруына тура келеді. Бірақ студенттердің видеодерістерді алдын ала тыңдап алуларына мүмкіндік бар.

– **Жақында министр А.Аймағамбетов ЖОО оқытушыларының жалақысы жоғарылайтыны жөнінде жағмырдай жаңалық айтты. Бұл өзгеріс қашаннан бастап іске асады?**

– Біздің оқытушыларымыз үшін бұл өте қуанышты жаңалық болды. Жаңа оқу жылында профессор-оқытушылар құрамының еңбек ақысын көтеру жоспарда бар.

Сұхбаттасқан Г.ЕСИМОВА

Студент пайымы

ЖОСПАРЛЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ЕШҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚТАР БОЛМАДЫ

Қауіпті індетке байланысты наурыздың 16-сынан бастап техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері мен ЖОО-лар қашықтықтан оқыту түріне көшіп, мектеп оқушылары тоқсандық демалыстарына ерте шығарылып 6-ыншы сәуірден бастап оларда қашықтықтан оқып бастаған болатын. Сол күннен бастап ұстаздар мен оқушы, студенттердің барлығы онлайн форматтағы түрлі қосымшалар, бейнероликтер, телеарналар, сайттар мен порталдарды пайдаланды.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігіне тоқталар болсам, ең алдымен бұл біздің жастардың, сондай-ақ үлкен жастағы ұстаздардың соңғы технологияларды пайдалану біліктіліктерін арттырып отыр десе болады. Себебі қазір жиырма бірінші ғасырда өмір сүріп жатсақ та, көп адамдар ақпараттық технологияларды дұрыс пайдалана алмайды. Екіншіден, білім алушы кез келген уақытта өздігінен білім алуға мүмкіншілігі артады. Мысалға сен қай жерде болсаң да өзің қалаған уақытта өзіңе керекті білімді ала аласың. Үшіншіден, ұстаздар оқушылармен студенттерге білімдерін арттыру мақсатында көптеген қосымша да тапсырмалар беріп, кез келген уақытта олардың сұрақтарына жауап бере алады. Мысалға айтар болсам, менің сиңілім 6 сыныпта оқиды оған апайы қосымша қызықты шет тілін дамытуға арналған, қазақ шығармаларының үзінді кітаптарын жіберіп, талқылап отырады. Бұндай процестер мен мектеп оқып жүрген кездерде болмаған еді. Сонымен онлайн оқудың артықшылығын қорытындыласам, білім алушылар қашықтықтан оқыту арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпараттық жүйелерді жетік меңгереді. Бірақ қанша артықшылықтарын айтсақ та, ішінара кемшіліктері де бар.

Алғаш қашықтықтан оқыту туралы естігенде ауылдық жерлерде, қаланың шетінде интернет желілері ұстамайтын жерлерде тұратын ұстаздар, оқушылар мен студенттердің уайымы басым болды. Олар тіптен сабақтарға да қосыла алмай, тапсырмаларын уақытылы жібере алмады. Сондай-ақ тіпті техникалық жағдайлары да жетіспей жатты. Бірақ бұл қиындықтарға мұғалімдерде білім алушыларда түсіністікпен қарады. Оқушылардың қашықтықтан оқыту кезіндегі ең алғашқы қиындығы, әрине, ол ата-аналарына түсті. Себебі азда басталған сабақ кешке дейін тіпті түнге дейін созылатын. Сонымен қатар соңғы өзгеріс бұл бұрынғы бақылау диктанттардың орнына БЖБ-ның келуі. Балаларының сабағына алаңдаулы әрбір ата-ананың бұл жолғы қадағалауы екі үш есе артты десем де болады. Біз үйімізде 7-інші сыныпта оқитын ініміздің сабағын үйдегі барлық отбасы мүшесімізбен бірігіп орындаймыз. Ия, қалжың емес. Өйткені оқу бағдарламасы күрделене түскен. Ал студенттерге келер болсақ, олар бейнеконференциялармен платонус, сайттармен оқыды. Дегенмен студенттерді қашықтықтан оқытудан ешқандай қиындықтар болмады деп айта алмаймыз. Өйткені біз журналистика мамандығында білім алатын студенттерге практика көп керек болатын. Біз бұл уақыттарда өзіміздің ұстаздарымызбен бірігіп, түрлі бейнесюжеттер және түрлі сұхбаттар жүргізетін болатынбыз. Бірақ жоспарлы оқу процесінде ешқандай қиындықтар болмады. Қайта мұғалім әрбір студентке жеке көңіл бөліп, тапсырмаларды талқылап отырдық.

Жансая УӘЛИҚЫЗЫ
Қорқыт Ата атындағы ҚУ-дың
4 курс студенті

КОНСТИТУЦИЯ - МЕМЛЕКЕТ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ



Ата заң біздің бүкіл жарқын істеріміздің қайнар бастауы, мызғымас мемлекеттігіміздің алтын қазығы, бірлігі мен ынтымағы жарасқан елдігіміздің бұлжымас бағдары, кемел келешегіміздің кепілі. Бүгінгі Қазақстан мемлекетінің ұйытқысы Ата заң мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын, ата бабаларымыздың ар-мен намыстан тұратын бірлік, тыныштық идеясын өз бойына сіңірді.

Қазақстанда Конституция 1924 жылы одан кейін, 1937, 1978 жылдары жазбаша түрде қабылданды дегенімізбен, дала демократиясына сүйенген қазақ елі ежелден салт дәстүр, белгілі заң қағидаларын басшылыққа алған билер институтымен қоғамдық мәселелерін реттеп отырды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы 28 қаңтарда өзінің алғашқы Ата Заңын қабылдаған болатын. Бірақ 1993 жылғы Конституция кеңестік қағидаларға негізделгендіктен, жаңа қоғам өмірінің талабына жауап бере алмады. Сондықтан, 1995 жылы жаңа Конституция қабылданды. Жаңа Конституцияның ерекшеліктері - заң шығарушы, атқарушы, сот билігін белгілеп, олардың құзіретін, өзара іс-қимыл бірлігін заң тұрғысынан айқындап береді.

1998 жылғы 7 қазанда, 2007 жылғы 21 мамырында және 2011 жылғы 2 ақпанда Қазақстан Республикасының конституциясына өзгертулермен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңдары қабылданған болатын. Аталған заңдардың әрбір конституцияны реформалау кезеңін сипаттайды. Конституцияға 1998 жылы енгізілген өзгерістермен толықтырулар қалықтың мемлекетті басқаруға қатысу белсенділігін арттыру мақсатында еліміздің саяси жүйесін жетілдіруге бағытталды.

2007 жылғы Конституцияға сондай-ақ Президенттің сайлану мерзімін, парламенттің өкілеттік мерзімімен оның депутаттарының санын, оларды сайлау тәртібі мен өкілеттіктерін тоқтату негіздерін, үкіметтің конституциялық кеңесті және өзге де бірқатар мемлекеттік органдарды құру рәсімдерін өзгертетін түзетулер енгізілген болатын. Негізгі заңның сот және құқық қорғау жүйелерінің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың қызметін регламенттейтін және тағы да басқа нормалары өзгертілді.

2011 жылғы 2 ақпандағы Қазақстан Республикасының 41-бабы 3-1 тармақпен толықтырылды, соған сәйкес 2011-2015 жылдары кезектен тыс

президенттік сайлаулар болды.

Конституциялық реформа негізгі қоғамдық саяси институттарды және олардың даму болашағын түсінудегі жаңа тұжырымдамалық көзқарастарға жол ашты. Конституцияға еңгізілген бірқатар өзгерістер мен толықтырулар өзара байланыса келе мемлекеттік биліктің мақсатын, мемлекет функцияларының мазмұнын жаңаша түсіндіруге, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың өзара қарым-қатынасының принциптерін айқындауға, азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік маңызы бар міндеттерді шешуге кеңінен қатыстыруға, өзгеріп отыратын қоғамдық қатынастарға барабар заңдық нормалар белгілеуге мүмкіндік береді.

Конституция – жай ғана құқықтық акт емес. Негізгі заңның кіріспесі мен баптарында ұлттық қоғам мен мемлекет өмірінің басты рухани діңгектері айқындалған. Ол Қазақстан Республикасының бүкіл нормативтік-құқықтық актілерінің иерархиясында ең жоғары деңгейді иеленеді.

Еліміздің Конституциясында адамның және азаматтың, қоғамдық және мемлекеттік құрылымның мәртебесі ғана емес, түбегейлі құқықтық қағидалар да және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деген Конституциялық ережелермен айқындалады.

Өткен 25 жыл ішінде еліміз жаңа қоғам құру жолында көптеген, бұрын-соңды шықпаған қияндарға қол жеткізді. Конституцияның мазмұны Қазақстан мемлекеттілігі дамуының жаңа көкжиегін ашып береді. Осыған орай, құқықтық тәртібінің, заңдылықтың, адам құқықтары мен бостандықтары жүзеге асырылуының, өмір сапасы одан әрі артуының, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім орнығуының негізі ретінде, еліміздің барлық азаматтарының, мемлекеттік органдарының, лауазымды тұлғалардың және қоғамдық бірлестіктерінің Конституцияны қалтықсыз сақтауы, оның нормаларын, принциптері мен идеяларын қолдануы Қазақстанның одан әрі қалыптасуының бірден-бір шарты болып табылады.

Ақзада МАДАЛИЕВА
ҚР Президентінің
жанындағы мемлекеттік
басқару Академиясы
Қызылорда облысы бойынша
филиалының профессоры

ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа жеткен азаматтарының тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысу құқығына кепілдік береді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 14 сессиясында (2008) мемлекеттік саясаттың негізі деген бес қағидатын жария етті, олар: этностық, діни, мәдени, тілдік әралуандылық – біздің баға жетпес байлығымыз.

Осы тұрғыдан Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасының адам мен азаматтың нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, наным-сеніміне қарамастан құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тым салады. Сонымен қатар этнос және діни негіздемелер саяси ұран немесе саяси мақсатта қолдануға жол берілмейді. ҚР Конституциясының 39 бабының 2-тармағы бойынша «Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады».

Санының аз-көптігіне қарамастан Қазақстан халқының құрамындағы этностар тең құқықпен және мемлекеттік қорғауымен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 51 бабының 1-тармағы бойынша «Мәжілістің тоғыз депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды» делінген. Бұл дегеніміз, ұлттық азшылықтардың сайлау құқықтарына кепілдік беру, елдің заң шығару органында олардың өкілдігін қамтамасыз ету мақсатында (бұл жөнінде міндеттеме 1990 жылғы 29 маусымдағы ЕҚЫҰ (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы) Адами өлшем бойынша конференцияның Копенгаген жиналысы құжатының 31-тармағында қарастырылған) Қазақстан халқының Ассамблеясына Парламент Мәжілісінің тоғыз депутатын сайлау құқығы берілді. Қазақстан халқының Ассамблеясы бұл құқықты 2007 жылғы 20 тамыздағы, 2012 жылғы 16 қаңтардағы және 2016 жылғы 21 наурыздағы сайлауларда пайдаланған болатын.

Қандай да болсын мемлекеттің Ата Заңы олардың сол кезеңдегі тарихи жағдайдағы алға қойған мақсаттарына байланысты қабылданады. Бүгінгі күні 25 жылдығын атап өтіп отырған Ата Заңымыз біздердің бүкіл ғалам мойындап отырған жетістіктерімізге бірден-бір негіз болғандықтан, біздің Конституциямыз басқа мемлекеттердің Ата Заңынан негізгі түп тамыры берік орнығуында.

Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі
Жадыра СЛАМХАНҚЫЗЫ

Қазақстандықтардың жаппай таңдауына айналған Ата Заңның қабылданғанына биыл – 25 жыл. Өткен уақыттан бері негізгі Заңымыз Тәуелсіздіктің, елдегі бірліктің алтын қазығына, елдігіміздің бағдарына, келешектің кепіліне айналғанын көрсетіп келеді. Ең бастысы, Конституция Тәуелсіздігін айғақтайтын құжат. Сол үшін де Конституция күні — еліміз үшін қастерлі күн.

Конституцияның 2-бөлімінің 14-бабында «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез-келген өзге жағдаят бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» делінген. Еліміздегі тұрақтылық пен татулық, бірлік үшін біз өз Ата Заңымызды құрметтеуіміз керек. Оған ол қай жағынан алып қарасақ та лайықты.

Қазақстан «Бір ел – бір бағдар» деген ұстанымды алға тартып ел бірлігін даму стратегиясының басты шарты деп біледі. Осы қағиданы іске асыру жолының бір тетігі – саяси сайлау дербес ұлттық рухы, мәдениеті, тарихы, санасы дамып жетілген өркениетті ұлт есебінде жалпы адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа мемлекеттермен терезесі тең мемлекет ретінде иық тірестіре алатындығымызды тағы бір мәрте көрсететін саяси қатысудың демократиялық үлгісі. Кез келген саяси-экономикалық, қоғамдық-әлеуметтік үрдістерге уақыт өзінің өзгертулері мен түзетулерін әрдайым енгізіп отыратындығы сөзсіз. Бұл саяси қатысуға, яғни сайлауға деген қызығушылыққа да қатысты. Себебі, сайлау қоғамдағы өзгерістердің өлшеушісі екіндігі сөзсіз.

Сайлауға қатысу арқылы азаматтар заңды жолдар арқылы елдегі өзгерістердің, яғни өзінің болашағының қандай бағытта дамийтындығын анықтай алады. Сәйкесінше әр елде заңнамалық ерекшеліктеріне сәйкес саяси қатысудың ережелері мен заңдық шеңберлері айқын анықталған. Бүгінгі таңда азаматтардың заң шеңберінде өз пікірлерін жеткізе алуы демократияның басты өзегі болып табылады. Сол себепті де, демократияға бет бұрған мемлекеттердің басты мақсаттарының бірі азаматтардың саяси өмірге қатысу тетіктерінің заңды жолдарын құрып, оны қамтамасыз ету болып отыр. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында биліктің бірден-бір көзі – халық және мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі жолы ретінде ерікті сайлау анықталған.

Студенттер шығармашылығынан

Азамат елдің заңнамасы

Референдум негізінде қаланып,
Тәуелсіздік тыныш ел боп атанып.
Дами түскен ел бірлігі бүгінде,
Келді жасқа тағы жылға жаңарып.
Тоқсан бесте бекітіліп қаланып,
Түрлендіріп, түрлі заңмен жамалып,
Келе жатқан Қазақстан биікке,
Осы күнмен ерекше боп аталып.
Ел заңының түп түбірі басталған,
Конституция күні келді нұр жарған.
Жиырма бес жыл дүбірлеген атауы,
Мәңгілікке жалғасыншы күн алдан...
Ел бесігі, азаматтан қаланған,
Заңнамасы сай боп содан құралған.
Тыныш, бейбіт күндер болсын ел іші,
Құтты болсын тәуелсіз ел жаңарған!

Ұлжан ЕРЛАНҚЫЗЫ

КОНСТИТУЦИЯ - ЕЛДІГІМНІҢ ҚОРҒАНЫ!

Бұрынғының көптен күткен арманы.
Бүгінгінің қол жеткізген ардағы.
Ұрпақтардан ұрпақтарға жалғайтын.
Ата Заңым - елдігімнің қорғаны!
Арайланып атса дала таңдары.
Дер едім мен адалдықтың бар мәні.
Елімізді бір жүйеге келтірген.
Ата Заңым - елдігімнің қорғаны!
Әр тарауы оның әрбір жолдауы.
Болашаққа нық қараудың жолдары.
Көңілге құт, жүрекке от жандырған.
Ата Заңым - елдігімнің қорғаны!
Ей, Адамзат - Ұлы дала тарланы!
Ата Заңды ардақтасаң болғаны.
Қашан да әділ сара жолдың айнасы.
Конституция - елдігімнің қорғаны!

Аружан ДАЙЫРБЕК

АБАЙҒА АРНАУ

Жырға шабар таппадым қару әлі,
Қолдасын деп Хәкімнің әруағы
Суретіне шомылып, қарап тұрдым :
(Жанарыма бір жалын тап ұрады)
Қолына алды қаламым - «шаруаны».
Бойымда жиылатын «жақсы өн,күйің»,
Адамдықты жаныма бақсам деймін.
Менде бір кірпіші боп дүниенің,
Кетігін тапсам деймін, тапсам деймін
Халық боп кетуде еңбек қалыптасып,
Сол жолда тек даналық алып азық
Нақылын ақылына қосса екен,
Ақырын жүре жүріп, анық басып.
Келеді өсіп келешек - мақтап бүгін,
Ақындықтың арқауын, сақтап жібін.
Күллі ұрпақ бақытты екен,
сусындап жүр:
Ұлыны ұлық қылып, жаттап жырын.
Ұлықтасақ жылына жарамай ма ?!
Үлгісіне ұлтымның баламай ма ?!
Сарқып ішкен сорпасын қара өлеңнің,
Тең келер туынды жоқ дара Абайға
Жұрт іші жыр жағалап,қолдан бақыт,
Тапқандай тілден таза, бардан жақұт.
Бес ғасыр өтсін мейлі, өтімдісі
«Бес асыл сөз» атадан қалған сарқыт
Жүрегімнен жарылып жыр есілді,
Қоссам деп «Ұлы күнге» үлесімді.
Бір Қазақ атауының астарында,
Бір Абайдың аталып тұр есімі.

Роза ШЫНЖЫРБАЙ

ӘЛЕМНІҢ ӘР БҰРЫШЫНАН САПАР КҮТЕДІ

Кішкентай кезімнен теледидардан түрлі бағдарламалар мен жаңалықтарды қарағанды ұнататынмын. Сол кезде теледидардың ар жағындағы аға-әпкелеріме қатты қызығатын едім. «Қандай керемет, қазір бұл кісілерді бүкіл Қазақ елі тамашалауда, жай сөздерін біреулер дайындап беріп, тек қана өз әдеміліктерімен ғана жүргізіп тұрады, яғни сырт келбет қана маңызды», - деп ойлайтынмын. Тағы бір қызыққаным ол тележұлдыздарды барлығы танығандығы, жер жерді аралап күнде түрлі қызықты оқиғалармен танысатындықтары. Мен өзім Л.Сұлтанқызын, Д.Нұржігітті, Б.Құранбектің, А.Есенәлі және т.б сол кездегі телеарналардың бетке ұстар журналистерін қатты жақсы көретінмін және өзімде сол кісілер секілді болуды армандайтынмын. Сол арманымды мақсатқа айналдыруға шешім қабылдап, мамандықты зерттей бастадым және мектеп бітіре салып, осы мамандыққа оқуға түстім.

Журналист – БАҚ саласында жұмыс істейтін адам. Ол әрдайым қай жерде жұмыс істесе де(радио, теледидар немесе мерзімді баспасөзде)түрлі оқиғаларға тап болады. Журналистердің арқасында біз осы әлемде болып жатқан барлық нәрселерді білеміз. Оларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Журналистиканы «төртінші билік» деп атайды. Мұндай сипат, әрине, БАҚ-тардың нақты саяси билікке ие екенін білдірмейді, бірақ журналистиканың қоғамға зор әсерін айқын сипаттайды. Өйткені журналистер өз қызметімен қандай да бір адам немесе оқиға туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға ықпал ете алады. Сонымен Кәсіби журналистің негізгі міндеті неде? Ең алдымен журналист- ақпараттандырушы. «Нью-Йорк Таймс» газетінің иесі Артур Сульцбергер: «Біз, журналистер, мысықтың қайда секіргенін жұртшылыққа айтамыз. Әрі қарай жұртшылық мысықпен айналысады»- деп айтқан болатын. Аллегорияны мысықпен түсіріп, журналист өз пікірін, қандай да бір көзқарасты талап етпеуі керек. Ол қоғамдық пікірді дербес қалыптастыруға мүмкіндік беріп, кейде аудиторияны дұрыс арнаға бағыттауға көмектеседі. Екіншіден, ақпарат қызықты, ең бастысы – қолжетімді және қысқа тілде жазылуы керек. Журналистер – жазушылар емес, олардың міндетіне орташа оқырман

үшін түсініксіз қиын қылып жазу кірмейді. Аты аңызға айналған Джозеф Пулитцер бір күні: «сенің қызметшің түсінбеген мақаланды ешқашан газетке шығарма»деп айтқан. Сонымен қатар, журналист қысқа әрі нақты жазу арқылы өз стилін қалыптастыру қажет.

Менің ойымша, журналистика мамандығын тандаса өмір қызықсыз және бір сарында болмайды. Бүгін журналист радиодан жұмыс істей алады, ертең тілші немесе тележүргізуші бола алады. Журналистке мынадай дағдылар қажет: сауаттылық, бейнелі ойлау, этикет дағдылары, әдептілік, шығармашылық қабілеттері, шыдамдылық. Журналистер дұрыс және әдемі сөйлей алады. Олардың сөзі бай және мазмұнды. Журналист өзі стилистте, бет әрлеушіде ақылды да, тапқырда, тақырып қоя алада, батырда бола білуі керек. Журналист болу – бұл өз кәсібін берілу, өзінің жеке өмірінен қоғамдық пікір жоғары дегенді ескеру қажет. Журналисті шұғыл оқиғалар туралы хабарлайтын түнгі қоңыраулар, эксклюзивті ақпарат алу үшін әлемнің әр бұрышына сапар күтіп тұр. Қауіп барлық жерде күтіледі, өйткені көптеген журналистер өз міндеттерін орындай отырып қаза тапты. Мәселен, 2014 жылы Донецк облысындағы «бірінші арнаның» операторы Анатолий Клян атыс кезінде жарақат алып, ауруханада көз жұмған болатын.

Журналист – жолаушы. Өйткені, ол өмір бойы жол үстінде. Ол жүрмейтін жол, бармайтын ел, жер жоқ. Ол – қоғамның үні, қоғамның көзі. Журналист қоғамдағы жақсылық атаулыны жаңғыртып, жамандық атаулының жер-жебіріне жететін қаламгер, қайраткер. Қай жерде, кіммен сөйлессе де оның тілі – әдеп, мәдениеттің тілі. Журналист – ой адамы. Онда ойсыз күн жоқ. Журналист – сезімнің адамы. Жасыл жағалауды көрсе жаны жасарып, тылсым табиғатқа қараса, сөзден жыр төгеді. Журналист – мінездің адамы. Ол кез келген мықтының алдында «лөппай, тақсыр» деп жүгіре жөнелмейді. Оның пірі – халық. Журналист – өз мамандығының құлы. Өз мамандығын сүймейтіндерге журналистикада орын жоқ. В.А. Кочетковтың: «Если она сурова, если она тебе не нравится, уходи из газеты в другую, иную профессию!» дейтіні шындық.

Міне, журналистика деген осындай мамандық. Бұл менің жеке көзқарасым. Қазір мен осы салада білім алып жатырмын. Мен бұл мамандықты абыроймен аяқтап, қоғамның дамуына өз үлесімді қосатынымыма сенімдімін. Бұл үшін өмір сүруге тұрарлық. Журналистер халық үшін жұмыс істеп, оның санасын өзгертіп, жақсыға үміт артуға тиіс. Бізге, болашақ журналистерге өзімізден үлкен ағартушылар, жазушылармен журналистердің миссиясы жүктелген. Біз өз халқымыздың лайықты болашағы үшін адал әрі табанды жұмыс істеуіміз керек деп есептеймін.

Жансая ТІЛЕУ



«Дос – екі денеде өмір сүретін бір жан», - деп Аристотель қалай әдемі айтқан.

Достық дегеніміз - адамдардың бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын қасиеті. Достық өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі. Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі. Достықтың классикалық анықтамасы да бар, оған сәйкес достық дегеніміз - бұл ортақ мүдделерге, құндылықтарға, әуестікке, сондай-ақ өзара сыйластық пен өзара көмекке негізделген адамдар арасындағы бейқам қарым-қатынас.

Балалық шақта бәріміз жаңа бір нәрсені үйренгіміз келеді, сондықтан адамдармен танысып, достар табу оңайырақ. 30-50 жас аралығындағы жаңа достар табу өте қиын, сенімсіздік пен басқалармен қарым-қатынас жасамау бар. Бірақ достар біз үшін өте маңызды, біз тек психикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге физикалық және психологиялық жағынан да біреуге мұқтаж екенімізді сезінуіміз керек және біз өзімізді бір нәрсеге лайық сезінеміз.

ДОСТЫҚ

Сондықтан жалғызбасты адамдар одан әрі өмір сүргісі келмейді. Бұл өмірде достар қандай принцип бойынша таңдалады? Біз көбінесе достарды олардың ішкі әлеміне қарай таңдаймыз, егер ол біз сияқты болса, қарым-қатынас әлдеқайда жеңілрек. Кейде біз сыныптастарымызбен немесе әріптестерімізбен дос бола бастаймыз, өйткені біз олармен көп сөйлесеміз және көптеген ортақ тақырыптар мен заттар пайда болады. Жарты күлшенің өзін бөліп жейтін жанқияр достар әманда арға сын болатын әрбір істе адалдық танытады. Көздің нұрымен ұғысып, көңілдерін аулап, мейірлене қарағаны соншалықты ішкі жан-дүниелері тұтастанып, бір-бірімен біте қайнасады.

Шынайы достық әрбір іске ынтымылмен қарауға үйрететін, салихалы болуға үндейтін нәзік дүние. Үйретіп қана қоймайды, қаласаңыз да, қаламасаңызда достықтың қасиетті міндеттерін мойныңызға жүктеп, тек достықтың лебімен еріксіз тыныс алуға итермелейді. Достықтың бос ұстасаңыз сусып шығып кететін, қатты қыссаңыз қолыңызды тіліп кететін мұздақ қылыш екенін ұмытпағанымыз жөн. Адамға өлшеп-пішіп қамшының сабындай бес күндік ғұмыр берілген. Сол ғұмырдың ерен байлығы – шынайы достық.

Дос –қасиетті ұғым. Дос – қамқоршы, көмекші, жанын сала сыйлайтын ең жақын серік, тірек. «Дос табу оңай, ал оны сақтау одан да қиын» - деп айтып жатады. Сондықтан достық қатынасқа нәзіктікпен қарап, берік сақтауымыз керек.

К
Ы
М
Б
А
Т
К
А
Ш
А
Н
Д
А

БАҚҰЛ БОЛ, АЯУЛЫ ӘРІПТЕС!

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, экономика ғылымдарының докторы, профессор Зиядин Саябек Тәттібекұлынан қапияда айырылып қалды. Ғылым жанашырының жаңа қызметке тағайындалғанына көп бола қоймаса да, білімділігімен, тереңдігімен оқу орнындағы аз уақыттың ішінде көптің көңілінен шыға білді. Осы орайда университет ұжымы оның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, оның жұбайы Бижанова Кенжегүлге және отбасы мен туыстарына қайғырып көңіл айтады.

Ұжым үшін бұл орны толмас ауыр қаза. Саябек Тәттібекұлының жарқын бейнесі онымен қызметтес болған барша әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталды.

Зиядин Саябек Тәттібекұлы 2000-2004 жылдар аралығында Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, доцент;

2004-2010 жылдар аралығында Қазақ инновациялық гуманитарлық – заң университетінің «Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі;

2013-2016 жылдар аралығында Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің «Қаржы-экономика» факультетінің деканы;

2016-2017 жылдар аралығында Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті «Экономика» факультетінің деканы;

2017-2019 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономикалық зерттеу орталығының директоры;

2019-2020 жылдар аралығында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Бизнес технологиялар кафедрасының меңгерушісі;

2020 жылдың мамыр айынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор қызметін абыроймен атқарды.



ПАМЯТЬ О НЕМ ОСТАНЕТСЯ НАВСЕГДА

Как жаль, что новый 2020-2021 учебный год мы будем встречать без Саябека Таттибековича... Он останется только в нашей памяти, в нашем сердце! Пандемия забрала его у нас, ни о чем не спросив, не посмотрев даже на его молодость... Мы до сих пор скорбим.

В жизни каждого человека обязательно встречается яркая личность, которая как комета оставляет след в формировании всей его дальнейшей жизни, научного потенциала, профессионального мастерства. Думаю, бесспорно, знакомство и общение с Саябеком Таттибековичем было таким не только для большинства молодых преподавателей нашего университета, но и для преподавателей старшего поколения. Всего несколько месяцев Зиядин Саябек Таттибекович проработал в нашем университете, руководил научной работой – был проректором по научной работе и международным связям. А какой неогладимый след оставил как личность, как ученый, как педагог! Под его руководством лично я вместе с преподавателями кафедр «Педагогика и психология» и «Педагогика и методика обучения» в условиях онлайн-работы провели 2 международных мероприятия, в основе которых лежала коллаборация ученых из разных стран, а именно вебинар и интернет-конференцию. Саябека Таттибековича отличала масштабность ума, высокий уровень знания того, что делает и чем руководит, интеллигентность, безграничная щедрость, доброта в общении. Мы видели, мы почувствовали его устремленность в будущее, позитивное отношение к жизни, его любовь к науке. По каждому движению, взгляду, сказанному слову была видна его любовь к науке! Вместе с приходом Саябека Таттибековича в наш вуз произошло обновление в отношении преподавателей к своей научной работе. Подготовка под его руководством коллективной монографии и научных статей для базы Scopusi WebofScience – это большой труд, который ни с чем не сравним!

За свою короткую 42-летнюю жизнь профессор Зиядин Саябек Таттибекович столько сделал на благо Родины, родного края, на благо развития экономической науки Казахстана, прошел путь от преподавателя до заведующего кафедрой «Финансы» в Семипалатинском государственном университете им. Шакарима, в КазГЮИУ, работал деканом экономического факультета Казахского университета экономики, финансов и международной торговли (г.Астана), директором Центра экономических исследований КазНУ им. Аль-Фараби, проректором в нашем университете. Столько планов было впереди у такого замечательного человека!

Очень жаль, конечно, но я думаю, в университете, не только в нашем, есть сподвижники его начинаний, его инновационных идей, они продолжат его дела. Общение с ним оставляет неизгладимый след, он был честный, порядочный, принципиальный человек, обладал даром природного учителя, наставника и тонкого психолога, на собственном примере учил всех не только науке, но и научной этике, ответственности и добросовестности.

Память о нем останется навсегда в сердце каждого, кто имел счастье знать его и вместе работать!

**Доктор педагогических наук,
профессор кафедры педагогики и психологии
Майгельдиева Шарбан Мусабековна**

АСЫЛ МҰРАТПЕН КЕЛІП ЕДІ...

Ғылыми жоба бойынша кеңес сұрайын деп Саябекке хабарластым. Жауап бермеді. Артынша: «Ауырып жатырмын, аға», - деп жазып жіберіпті. Ажалмен алысып, телефонмен сөйлесуге шамасы келмей жатса да... Қарапайымдылық, әлде жоғары мәдениеттіліктің үлгісі ме, мүмкін жауапкершілік, азаматтық! Әйтеуір, көп адамның бойында кездесе бермейтін тектілік, адамгершілік!

Көп араласып, пікірлесіп үлгергеніміз жоқ. Университетке келгеніне небары екі ақ айдың жүзі болған. Білетініміз, өз саласы бойынша Қазақстандағы алғашқы ондыққа кіретін білікті ғалым. Қырыққа жетпей ғылымда жасындай жарқырап танылған шын талант! Қазақ ғылымын әлемге танытып үлгерген дарынды перзент! Ақеден, ақкөңіл, кішіге қамқор, үлкенге ізет көрсете алатын азаматтығы мол жігіт!

Еліміздегі іргелі білім ордасы Әл-Фараби атындағы ұлттық университеттегі жылы орнын, Алма-

тыдай әсем қаланы тастап, Қорқыт Ата университетін әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттердің қатарына қосамын деген асыл мұратпен келіп еді!

Халықаралық байланыс және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор қызметін қолына алды. Талай тың жобаларды бастап та кеткен.

Келген кезде киелі Абай топырағынанмын, қасиетті Қорқыт жеріне келдім деп еді-ау?

Ұлы Абай, топырағыңнан шыққан перзентіңді қорғай алмадың ба, Қорқыт баба, өзіңді рухани кие тұтқан ұлыңды желеп-жебеу жүре алмадың ба? Әлде... Әлде, ұлылар жатқан мекенге алып кеттіңдер ме екен?!

Сұм ажал қатыгез, қара жер тойымсыз болмаса алдында орындалмаған талай арманы бар қазақтың қаршадай баласына көзін тігер ме еді?

Бақұл бол, болмысы бөлек, ғылымның дара Жұлдызы!

**Ғабит Тұяқбаев,
Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика
кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент**

АЙНАЛАСЫНА ШУАҒЫН ШАШЫП ЖҮРЕТІН

Айналасына шуағын шашып, жайдары жүретін аяулы ағам, бауырым, досым - экономика ғылымдарының докторы, Қорқыт ата ҚМУ проректоры Саябек Зиядинның дәм-тұзы таусылды дегенді естігенде, сене алмадым. «Сыр еліне қызмет етемін», «Қорқыт ата университеті ғылымының деңгейін көтеріп, әлемнің 500 ЖОО қатарына енгіземін» деп қасиетті Қызылорда топырағына екі ай бұрын аяқ басып еді, жарықтық. Туыстарыма, достарыма көмектесем деген ақ пейіліне де сүйсінуші ек. Үлкен-кішіні ақжүректілігімен, еркелігімен баурап алатын қасиетін

айтсаңызшы. Амал нешік? Құдайдың өлшеулі өмірі. Көнеміз, көнбегенде қайтеміз?!

Сөкеңнің жылы һәм қуатты да қуақы сөздері, жарқын бейнесі, азаматтығы мәңгі жадымызда қалады.

Оның ғылымды дамытуда сіңірген еңбегі ұшан-теңіз болса, адами қарым-қатынасты реттеудегі, адамгершілік қасиеттерді насихаттаудағы үлесі де сондай жоғары еді.

**Дәурен Омаров
«Сыр медиа» ЖШС директорының
орынбасары**

«Университет аруы – 2020» байқауының жеңімпаздары



Бас жүлде
Сәбит Ақерке
«Ист-19-1» оқу тобы



I орын
Телегенова Назерке
«Грм-19-1» оқу тобы



II орын
Жарылқап Аягез
«Пмно-19-1» оқу тобы



III орын
Әбутәліпова Құндыз
«Ж-19-1» оқу тобы



«Қыз Жібек» аруы
Құрманай Жанна
«Пмно-19-1у» оқу тобы



«Көгермен көзайымы»
Ануарбекова Айгерім
«Пмно-19-1у» оқу тобы

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор
Гауһарай
ЕСІМОВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА -
Қорқыт Ата атындағы ҚУ ректоры

А.Т.ЖҮНІСОВ -
оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор

Ж.Н.БАЗАРТАЙ -
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты басқармасының басшысы

Ғ.Ә.ТҮЯҚБАЕВ – қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі

Газет тілшілері:

Гүлдана
АСАНЖАНОВА

Жансая
ТІЛЕУ

Нұрбол
СЕРІКБАЙ

SYR TÚLEGI
stýdent jastar gazetі
1992 жылдың мамырынан бастап шығады

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.